


Сабақтың тақырыбы: **Power
Point** программасы
көмегімен
презентациялау



Сабақтың мақсаты:

□ Білімділік:

- Студенттердің білімдерін жетілдіріп, пәнге деген қызығушылығын арттыру. Power Point бағдарламасын қолдана білу. Программаның негізгі мүмкіндіктері туралы айту және қосымша ақпаратпен білімдерін толықтыру.

□ Тәрбиелік:

- Компьютермен жұмыс істеу барысында ұқыптылыққа баулу. Қауіпсіздік ережесіне байланысты студенттерді сақтылыққа үйрету. Информатика пәніне деген оң көзқарас пен қызығушылығын арттыру.

□ Дамытушылық:


- Компьютердің басқа программаларын меңгерте отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Өз ойын жүйелей жеткізе алуға дағдысын қалыптастыру. Оқушылардың шеберліктерін, тапқырлықтарын бақылау.

- **Пәнаралық байланыс:** Математика, ағылшын тілі, физика.
- Microsoft Office пакетінің Power Point бағдарламасы — әртүрлі баяндамалар жасаған кезде, жобаларды, идеяларды суреттеп, таныстыруға арнап презентациялар құрғанда көпшіліктің зейінін, ойын көрсетіліп тұрған нәрсеге аударуға үлкен мүмкіндік береді.
- **Пәнішілік байланыс:** «Microsoft Power Point бағдарламасы туралы жалпы түсінік».
- Power Point бағдарламасы – электронды презентация (слайд-шоу) құруға арналған. Бағдарламаның әрбір презентациясы слайдтар жиынан тұрады. Ал слайдта графикалық фонда орналастырылған объектілер немесе текст тұруы мүмкін.

Сабақтың әдісі: тестпен жұмыс, сұрақ -жауап, тапсырмалар, ақпараттық технологияны қолдану;


Үй тапсырмасын тексеру

- 1) Презентация ұғымының ағылшынша мағынасы қалай деп аталады?
- 2) Слайд дегеніміз не?
- 3) Power Point-ті іске қалай қосамыз?
- 4) Microsoft Power Point терезе элементтерін ата.
- 5) Меню жолы элементтерін ата?

- 6) Дайын болған слайдты қалай сақтаймыз?
 - 7) Power Point – та пішімдеу құралдар үстелінің қызметі?
 - 8) Power Point – та сурет салу құралдар үстелінің қызметі?
 - 9) Power Point – та стандартты құралдар үстелінің қызметі?
- 

Жаңа тақырып: Power Point программасы көмегімен презентациялау

□ Жоспар:


- 1. Презентация құру, түстер сұлбасын қолдану, объектілерді кірістіру;
 - 2. Мәтін, кесте, өзкескіндер, диаграммаларды жасау;
 - 3. Слайдтарды бағыттау, дыбыс және суреттер кірістіру ;
- 

- Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: «*Power Point көмегімен презентациялау*». Презентация ұғымы өзінің толық мағынасында (латынша *praesento тапсырамын немесе ағылшынша — ұсыну*) өзін көрсету, баяндама, жобаны, есеп беруді қорғау, жұмыс жоспарын, дайын өнім мен қызмет, енгізу нәтижесін бақылауды, сынауларды және басқада көптеген дүниені ұсыну. Презентация дегеніміз — тақырыпты, мәтінді, кестелерді, схемаларды т.б. объектілерді іске қосатын көрменің бір бөлігі.
- Слайд дегеніміз — көзге көрінетін күрделі объекті айтамыз. Оның құрамына тақырыптар, мәтін, кестелер, графикалық кескіндемелер, ұйымдастыру схемалары, дыбыс үзінділері, бейнеклиптер мен гиперсілтемелер кіреді. Әрбір слайд ескерту парағымен бірге келеді. Қазіргі заманғы презентациялық бағдарламаларының көбісі анимациялық, дыбыспен, бейнемен жұмыс істеуді, мультимедианың басқа да мүмкіндіктерін пайдаланады.

СӨЗ ЖҰМБАҚ:

- 1.QBASIC программасында баспаға беру командасы.
- 2.Лазерлік дискіні оқитын дискіжетек
- 3.Қазіргі кездегі компьютерде кең тараған ОЖ.
- 4.Мәтін ендіру кезінде меңзерді бір қатар төмен түсіру пернесі.
- 5.Арнайы комбинация пернесі.
- 6.Үлкен әріппен жазу пернесі.
- 7.Мәтін енгізу программасы.
- 8.Суреттер салу үшін қолданылатын стандартты программа.
- 9.Меңзерді сөздің соңына апаратын перне қалай аталады?
- 10.Меңзердің оң жағында тұрған символды өшіретін перне?

Сөзжұмбақ



Презентация құрудың үш қадамы бар:

- 1.Презентацияны дайындау.
-
-
- 2.Жаңа презентация деген команданы таңдау.
-
-
- 3.Өздікмазмұн шеберінде бос слайд командасын таңдау.
-
-

Көрме кұруда мыналарды есте сақтау

керек:

- Көрменің мақсаты және мазмұнын жоспарлау;
- Әрбір слайдтың мазмұны және есте сақталатындай болу;
- Слайдтағы ақпарттар қарапайым және мазмұнды болу;
- Объектілердегі бейнелер фоннан түстері бойынша ерекше болу;
- Слайдты безендіруде түстерді таңдау;
- Тыңдаушылардың назарын аударатындай анимациялық өтулер, дыбыстар қою;

Компьютермен жұмыс

- Слайд жасау

□ Бағалау

Үй тапсырмасы:

- Power Point көмегімен презентациялау тақырыбына дайындалу және слайд жасау;

**Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!!!**

